

КӨШБАСШЫ ЖОЛЫ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жайлы корей тіліндегі автобиографиялық кітаптың тұсаукесері 9 қараша күні Корея Республикасының астанасы Сеул қаласындағы Ёнсе университетінде өтті. Бірегей басылымның авторы – белгілі мемлекет және саясат қайраткері, саяси ғылымдардың докторы, профессор Махмуд Базарқұлұлы Қасымбеков.



Шараны «Hangul» Бүкіләлемдік қауымдастығының қолдауымен Ёнсе университеті ұйымдастырды. Тұсаукесер рәсіміне кітап авторы М. Қасымбеков, ҚР Президенті Кеңесінің орынбасары Б. Темірболат, ҚР Парламент Сенатының депутаты А. Бейсенбаев, ҚР-ның Кореядағы Төтенше және Уәкілетті Елшісі Д. Бекішев, ҚазҰУ ректоры Ф. Мұтанов, Кореяның денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету вице-министрі Квон Дёк Чоел, Ёнсе университетінің президенті Ким Йонг Хак, «Синчхон Северанс» клиникасының бас директоры Ли Бён Сок, Ёнсе университетінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Сонымен қатар салтанатты шарада көрнекті саясаткерлер мен кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері, оңтүстік корейлік және қазақстандық университеттердің жетекшілері, дипломатиялық миссия және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, Корея ЖОО-ларында білім алып жатқан қазақстандық студенттер болды.

Шарада сөйлеген сөзінде Ёнсе университетінің басшысы профессор М. Қасымбековтің Қазақстан Президенті жайлы автобиографиялық еңбегін жазу барысында аса ауқымды жұмыс атқарғанын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, ол кітапты корей тілінде шығаруға көмектескен барша жанға алғыс білдірді.

«Қоғам, Корея халқы, басқа елдер азаматтары да Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғалық қасиеттеріне үлкен қызығушылық танытады. Қазақстан көшбасшысының бейбіт бастамалары, ядролық қарудан бас тартуы, жаһандық интеграциялық идеялары мен жобалары халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалған және іс жүзінде жүзеге асуда. Оның өмір жолы, қарапайым

жұмысшадан әлемдік деңгейдегі саясаткерге дейін қалыптасуы, бұл, сөзсіз, қажымас қайраттың, табандылық пен мақсаткерліктің, стратегиялық көрегендіктің, өз халқы мен елінің тағдырына деген жауапкершіліктің феномені, жарқын үлгісі», – деді өз сөзінде университет президенті Ким Йонг Хак.

Кітап Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметін тарихи-биографиялық тұрғыда ресми зерттеудің алғашқы тәжірибесі болып табылады. Онда Елбасының қарапайым ауыл баласынан Ұлт көшбасшылығына дейінгі жолы қамтылған. Қазақстанның XX-XXI ғасыр аралығындағы дамуымен қатар жүрген драмалық және әр қилы оқиғалар мен үдерістерге тарихи шолу жасау арқылы кітапта оның саяси биографиясына басты назар аударылған.

«Нұрсұлтан Әбішұлының автобиографиясы – тәуелсіз және өркендеуші Қазақстанның қалыптасу тарихы. Ол – баршаға, әсіресе, жастар үшін еліктеуге лайықты беделді тұлға. Сондықтан да біздің университет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге Қазақстан Президенті жайлы корей тіліндегі кітапты жарыққа шығарды», – деді Ёнсе университетінің президенті Ким Йонг Хак.

Кітапта көптеген фотоматериалдармен қатар, алғаш рет жеке құжаттар көшірмелерінің берілуі оқырманның сипатталып отырған оқиға ішіне толықтай енуіне жол ашып, еңбектің құндылығын арттыра түседі.

Қазақстан Президенті туралы автобиографиялық еңбек тарихшы-ғалымдар, мамандар мен сарапшылар, сондай-ақ көпшілік оқырман қауым үшін үлкен қызығушылыққа толы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Жуырда тарих, археология және этнология факультетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Аңсаумен жеткен аманат!» атты мәдени іс-шара өтті.

БІЗ – ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН ЕЛМІЗ!

Тұғырлы Тәуелсіздігіміздің, бодандық бұйдасын сыпырып тастаған Бостандығымыздың, ансаумен жеткен Азаттығымыздың, ел еңсесін көтерген Еркіндігіміздің, ұлағатты Ұлттық мүдде мен асқақ Рух тұрғысынан жеткендігін бір сәт еске түсіру мақсатында, «Мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 2-курс студенттерінің қатысуымен тарихи кезеңдерден бірнеше көріністер көрсетілді.

Мөде ханның зәулім сарайындағы көрінісі, халықтың Керейді ақ киізге отырғызып хан сайлауын бейнелеуде студенттер шеберліктерін көрсете білді. Қазақ халқының басынан кешкен ең ауыр қайғы-қасіретінің бірі жоңғар шапқыншылығы қойылымы да көрермендердің көзіне еріксіз жас алғызды.

Жалғасы 2-бетте

ТЕНГЕ – СИМВОЛ НЕЗАВИСИМОСТИ И УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

После распада Советского Союза экономика Казахстана, как и у всех постсоветских государств, оказалась в тяжелейшем положении: уровень инфляции был чрезвычайно высоким, цены на товары поднялись почти в 50 раз, сбережения населения сгорели полностью. В результате происходило снижение уровня жизни и обнищание населения на территории СНГ. При таком состоянии экономики стоял острый вопрос поиска путей спасения отечественной экономики и обеспечения нормальной жизни жителям страны, сохранения независимости Казахстана.

Решающим моментом судьбы экономики суверенного Казахстана явилась, безусловно, мощная и определенно выраженная воля главы государства Н.А. Назарбаева.

Дальновидность, мудрость, безграничная любовь к своему народу нашего президента Н.А. Назарбаева вывела Казахстан из сложившейся ситуации. Приведу выдержки из интервью Главы Государства Н.А. Назарбаева к 10-летию национальной валюты Казахстана, представленной агентству Казинформ пресс-службой Администрации Президента РК (Астана 18 ноября 2003 года. Казинформ)

Продолжение на 6 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

КУРС НА РЕЗУЛЬТАТ



2-стр.

ДЕПУТАТ ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ



3-бет

ҒАЛЫМ ӨМІРІНІҢ БЕЙМӘЛІМ ТҰСТАРЫ ЖӨНІНДЕ



5-бет

РЕКТОРАТ

КУРС НА РЕЗУЛЬТАТ

На очередном заседании ректората руководство и коллектив КазНУ им. аль-Фараби поздравили студентку 3 курса кафедры физического воспитания и спорта факультета ВШОЗ Умиду Сыздыкову и заслуженного тренера Казахстана по мужскому и женскому боксу Бахыта Байкулбаева с очередной победой. Умида Сыздыкова стала чемпионкой на международном турнире по боксу среди женщин, посвященном памяти героев Второй мировой войны - Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой и Хиуазы Доспановой.



руководителя службы контроля качества образовательных программ А. Байносеровой при комплексном тестировании студентам было предложено 100 тестов по 25 заданий по каждой дисциплине. Выделенное время для выполнения теста составило три часа. Анализ успеваемости по университету по результатам ВОУД 2016г. показал, что по сравнению с итогами прошлого года по некоторым специальностям студенты показали высокие баллы.

Учитывая большой потенциал КазНУ, деканам факультетов и заведующим кафедрами было предложено обсудить общие результаты и принять меры по повышению внешней оценки учебных достижений совместно с преподавателями дисциплин, по которым студенты показали недостаточно высокий показатель.

Следующая тема на повестке для была озвучена директором Института информационных технологии и инновационного развития (ИТиИР) Ж. Мамыковой, она была посвящена показателям Центра ситуационного управления (ЦСУ). Для выполнения большого объема работ было вынесено постановление, которое направлено на положительное решение в пользу активизации и расширения деятельности ЦСУ вуза. Со стороны аудитории по данной теме был сделан ряд предложений.

Также исполняющий обязанности проректора по учебной работе А. Хикметов выступил с сообщением по аккредитации образовательных программ КазНУ на 2016-2020 годы.

Соб. корр

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы куратор-эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Айналанды нұрландыр» жобасының аясында Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына барып, «Таңсұлу» спектаклін тамашалап қайтты.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы Ғарифолла Есімнің прозалық шығармасы негізінде қойылған драма тыңдаушыларды бірден баурап алды. Таңсұлу – тарихта болған батыр әйел. Бұл аңызда қыз баланың ерлігі туралы айтылады. «Таңсұлу» драмасы тыңдаушыларды тарихи мазмұнымен ғана емес, заманауи техникалық бояуларымен де қызықтырды.

Г. ТІЛЕУЖАНОВА,
Г. САПАЕВА,

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары

Тарих, археология және этнология факультеті «Археология және этнология» мамандығының 1-курс студенттері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік орталық музейі ұйымдастырған 1916 жылғы көтерілістің 100 жылдығына арналған «Қазақ көтерілістері. Азаттық мұраты» атты көрмеге қатысты.

Көрме «Жетісу көтерілісі», «Торғай көтерілісі», «Ұлт-азаттық көтеріліс кино өнері әлемінде» атты үш бөлім бойынша жүргізіліп, 1916 жылғы Жетісу мен Торғай көтерілісінің жетекшілері мен қатысушыларының қызметімен, көтеріліс болған негізгі ірі орталықтармен таныстырса, екінші бөлімде патша әскерін жазалау операцияларына және көтеріліске қатысушы – Т. Бокин, А. Иманов пен Ә. Жангелдинге қатысты фотоматериалдар қойылған. Үшінші бөлімінде «Амангелді» кинофильмі мен Қазақ академиялық театрының спектакльдерінен алынған эпизодтардың фотоматериалдары берілген. Сондай-ақ осы көрмеден орын алған халық суретшісі Ә. Қастеевтің кескіндемелері мен суреттерін студенттер зор қызығушылықпен тамашалады.

Б.Ш. СОЛТІЕВА,

археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушысы

Химия және химиялық технологиялар факультетінде «Мұнай-газ ісі» мамандығының 2-курс магистранттары мен химиялық физика және материалтану кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «100 кітап» жобасы аясында «Абайдың қара сөздері мен таңдамалы өлеңдері» атты әдеби шығармашылық кеш өтті.

Кеште қазақтың бас ақыны Абайдың өмірбаяны көрсетіліп, ой толғарлық қара сөздері мен көңіл тебіренетін өлеңдері оқылды. «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндері шырқалды. Сонымен қатар, қазақ және өзбек халқының ұлттық билері орындалып, күмбірлеген домбыра үні қонақтарға жақсы көңіл-күй сыйлады. Ұлт құндылығына айналған Абайдың шығармашылық туындылары тек ана тілімізде ғана емес, ағылшын тілінде де орындалды.

Перизат ЗЕЙНАХАН,

химиялық физика және материалтану кафедрасының 2-курс магистранты

Жалғасы. Басы 1-бетте

БІЗ – ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН ЕЛМІЗ!



Студенттер қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысын да айналып өтпей, Ә. Бөкейхановтың Қазақстанды Ресейден бөліп алмақ болған әрекеті жайлы орыс тергеушісіне берген жауабының жан айкаймен шыққан шындық екенін айқындай түсті. Әрине, бұл жағдай тарихи-саяси айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Ұлттық дінінің мықтылығы, төзімділік қасиетінің беріктігі мен қайтпас қайсар батырлығының арқасында біздің ұлтымыз

осындай қиындықтарға қарсы тұра білді. Студенттер бүкіл халықтың қабырғасын қайыстырған, көңілдерге мұң, жанарларға жас ұялатқан Ұлы Отан соғысының «Майдан» бекетіне де аялдап өтті. Қазақ жастары ұлтжандылық пен патриоттық сезімнің керемет үлгісін көрсеткен күн – 16 желтоқсан. Желтоқсанның жаңғырығы, «Желтоқсан желі» бекетіндегі көріністің өзі көрермендер үшін ең әсерлі сәт болды. Әсіресе, Қайрат Рысқұлбековтің рөлін сомдаған Жалғастың қинала отырып «Түрме жыры» атты өлеңін оқуы мен тергеуші Асылбек пен кезекші Мадиярдың

іс-әрекеттері шынайылықпен сомдалды.

Найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған байтақ даламыз – бізге аңсаумен жеткен аманат! Біз – өткенінен алар өнегесі көп елміз! Біз – тарих сахнасынан ойып тұрып орын алған елміз! Ата-бабаларымыздың аманатымен жеткен тәуелсіздікті 25 жылда Қазақстанның дамып өркендеуімен ұштастырған видеоролик кештің қорытындысы болды.

Арысы Қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы – осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керей құрған ел керегесін берік ұстап, Отанды қастерлеп өту – әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Осыншама өркениет жасаған, таусылмайтын дәулет, тозбайтын дәстүр қалдырып кеткен, адамзаттың өсіп-өркендеуіне орасан зор үлес қосқан бабалар тарихы бүгінгі ұрпақтың тағылым алар мұрасы екендігін әр азамат есте ұстауы тиіс.

М.Т. РАЙЫМБЕКОВА,
П.Н. НҰСҚАБАЙ,

дүние жүзі тарихы,
тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушылары

В Сеуле в Университете Ёнсе прошла презентация автобиографической книги на корейском языке о Президенте РК Нурсултане Назарбаеве

ДЕПУТАТ ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партия фракциясының жетекшісі, Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашевтың «Полемиическая экономика» атты орыс тілінде жарық көрген жинағының тұсаукесері өтті.



профессоры Мәлік Ауған: «Бұл жұмыс қаржы жүйесінің механизмдерін ашып, әлеуметтік маңызды сауалдар арасында байланыс орнатады және партияның шынайы қызметін ашып көрсетеді», – деп атап өтті.

Азат Перуашевтың еңбегі туралы ойларын жас буын өкілдері де жеткізді.

«Кітапта елдің шағын және орта бизнес мәселелері жан-жақты көрсетіліп, қоғамның өзекті сауалдары қарастырылған. Әсіресе, жастарды жұмысқа орналастыру туралы «Өткен мен болашақ», «Ұлттық экономикаға қарай бағыт», кедендік процедуралар мен экономикалық құқық бұзушылыққа тосқауыл қою туралы

мақалаларды ерекше атап өтуге болады. Бұл тақырыптар бойынша дипломдық және диссертациялық жұмыстар жазуға болатынына сенімдімін», – деді ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебінің докторанты Асқар Әскеров.

Кездесуге келген қалың қауым депутатқа сұрақ қою мүмкіндігін де пайдаланып қалды. Білім алып жүрген студенттердің арасында жас кәсіпкерлер мен белсенді жастар өкілдері де болды. Оларды жетекші елдердің еңбек нарығының хал-ахуалы мен «Ақ жол» партиясының шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламасындағы рөлі туралы сауалдарының жауаптары қызықтырды. Студенттер мен оқытушылардың көптеген сұрақтарына жауап берген Азат Перуашев кәсіпкерлікпен айналысып жүрген ҚазҰУ-дың 3 курс студентіне ҚДП партиясы мамандарынан кеңес алу қажеттігін айтып, жеке байланыс ақпаратымен алмасты.

Кездесу соңында ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева құрметті қонаққа ризашылығын білдіріп, оқырмандар үшін автордың оншақты кітабының кітапханаға тапсырылатынын жеткізді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

КАНДИДАТЫ, встать в строй

Во исполнение поручений Министра обороны Республики Казахстан генерал-полковника Сакена Жасузакова на военной кафедре КазНУ прошла неделя агитационной работы по вопросам предварительного отбора кандидатов и правилам прохождения воинской службы в Вооруженных Силах РК студентами-выпускниками.

В ходе агитационных мероприятий представители командования Сухопутных войск ВС РК и Сил Воздушной обороны ВС РК выступили с лекциями и показали видеофильмы о боевой готовности Вооруженных Сил республики, а также ответили на многочисленные вопросы студентов.

Преподаватели цикла военных юристов военной кафедры КазНУ им. аль-Фараби разъяснили студентам о преимуществах обладания государственным социальным пакетом для военнослужащих и членов их семей в период прохождения воинской службы.

В мероприятии приняли участие 545 студентов второго года обучения военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби. По итогам агитационной работы более 100 студентов написали рапорта и выразили желание пройти службу по контракту в Вооруженных Силах Республики Казахстан на офицерских должностях.

Олег АЖИМОВ,
начальник военной кафедры, полковник

Марапат төрінде – ҰСТАЗДАР

Жуырда механика-математика факультетінің академик Ө. А. Жолдасбеков атындағы үлкен залында ҚР Қазақстан ұстаздары қоғамының салтанатты марапаттауы өтті.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 5 институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамын ұлт болашағын тәрбиелеп, оқытып жатқан Қазақстан педагогтарына кеңінен насихат ету мақсатында жұмыс істеп жатқан Қазақстан ұстаздары қоғамы ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті оқытушы-профессорлары мен студенттерінің қолдауымен республикамыздың әр өңірінде белсенді еңбек етіп жатқан қайраткер ұстаздарымызды, қоғамның белсенді мүшелерінің басын қосып, марапаттады. Қадірлі ұстаздары ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің деканы, профессор Мактағали Бектемесов, Зияткерлік технологиялар институтының Бас директоры, профессор Алмас Өскенбаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҰҒА Құрметті академигі, профессор, ҚР Журналистер Одағының мүшесі Әбдіжапар Сапарбаев, Қазақстан ұстаздары қоғамының Бас хатшысы, тәлімгері, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, республикалық «Игілік» журналының Бас редакторы Меруерт Әйтенова құттықтап, жоғары жетістіктер тіледі.

Жоғары марапатқа ие болған ұстаздар қатарында жоғары оқу орындарында үздіксіз білім беріп келе жатқан белгілі ғалымдарымыз бен оқытушыларымыз



– ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мактағали Бектемесов, механика-математика факультетінің профессоры Айдархан Қалтаев, механика-математика факультеті дифференциалдық тендеулер мен басқару теориясы кафедрасының меңгерушісі Салтанбек Мұхамбетжанов, іргелі математика кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мирболат Сиховқа «Қазақстан ғалымы» медалі табысталып, үлкен құрметке ие болды.

Сондай-ақ аталған медалдармен Алматы қаласында, Батыс Қазақстан облысында, Қызылорда қаласы мен облысында, Жамбыл облысында

ұзақ жылдар шәкірт тәрбиелеп, өз мамандығының нағыз майталманы болған ұстаз тұлғалар марапатталса, өткізілетін олимпиадаларға қатысып, қабілетімен көзге түскен білім алушыларды көтермелеу мақсатында «Оқудағы үздік жетістіктері үшін» төсбелгісі мен ақшалай атаулы стипендиясы Жадыра Түсіпбековаға берілді.

Республикамыздың түкпір-түкпірінен келген аяулы мектеп ұстаздарына арнап механика-математика факультетінің талантты студенттері әннен шашу шашты.

А.Т. ТҮРҒАНБАЕВА,
к.п.н., доцент;
С.А. ДАУЛЕТОВА,
аға куратор

«Венгриядағы революцияға 60 жыл» толуына орай ҚазҰУ-да Венгрияның Алматыдағы Бас консулдығымен біріккен шара өтті

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ

және тарихи сананың жаңғыруы

XXI ғасыр бастауында Халықаралық ұйым ЮНЕСКО-ның шешімімен «Философтар күні» әрбір жылдың қараша айының төртінші бейсенбесінде ресми мереке ретінде аталып өтілетін болып бекітілді. Бұл философиялық рухты жаңғыртудың соны жолы іспеттес. Аталмыш шара әлемге аты мәшһүр болған тұлғалардың мұрасын ой елегінен қайтадан өткізіп саралау арқылы жүзеге асады.



Адамзат тарихының руханияттылық кеңістігінде орта ғасыр кезеңіндегі араб-мұсылмандық мәдениеттің алатын орны ерекше. Өйткені, ол бүкіл Еуропаның қайтадан жаңғыруына (ренессансына) зор ықпал етіп, «алтын көпірлік» рөл атқара алды. Осы дәуір тарихи тағылымда өз орнын айшықтаған көптеген ғалымдар легін дүниеге алып келді. Ғылыми әдебиеттерде бұл дәуірдің өзін «шағылысты ренессанс» деп те атап жүр. Сол ойшылдардың бірегейі қазақ топырағынан шыққан түркілік әмбебап-ойшыл – Әбу Насыр әл-Фараби. Ал оның мұрасын өскелең ұрпақтың санасына жеткізу, бабамыздың мұрасын зерттеуші басқа да отандық ғалымдарымызбен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет атқарып жүрген әрбір ұстаздың басты міндеттерінің бірінен саналады.

Оның әлемге танымал «Екінші ұстаз» атағына ие болуы тек мақтанш туғызатын дүние ғана емес, ойшылдың мұра етіп қалдырған шығармашылығын түбегейлі талдап, өскелең ұрпаққа өнеге ретінде насихаттай отырып, шынайы рухани болмысын ашып берумен келіп ұштасады. Оның әмбебап ойшыл ретінде қоғамдық ғылымдар – философия, психология, саясаттану, теология, этика, жаратылыстану ілімдері – математика, физика, космогония, астрономия т.б. салалармен шұғылданған ғалым бола отырып, музыка теориясымен де, поэтикамен де айналысып, энциклопедизмнің биік шыңына шыққандығы белгілі. Антикалық мұралардың әрбір саласына назар аударып, әсіресе, гректердің классикалық философиясының өкілдері – Платон мен Аристотель және т.б. еңбектерін араб тіліне аударып қана қоймай, оларға түсіндірмелік (герменевтикалық) талдаулар жасап, адамзат руханиятындағы философиялық ой танымның сабақтасуына ықпал етті.

Әрине, көңілге қаяу түсірері, ойшыл-ғұламаның 200-ден астам ғылыми трактаттарынан бізге жетпейтін ғана жетті, әлі де бізге жетпей, қазақ тіліне аударылмай жатқаны қаншама десеңші! Демек, біз, ғалымның көзқарастарын қанш зерттесек те, әзірге, оның рухани болмысының тек үштен бірін ғана тануға мүмкіндігіміз бар деген сөз. Әл-Фараби мұраларын зерттеп, оның идеяларын қайта жаңғырту, ұрпақтарымызға үлгі-өнеге ретінде әйгілеу – баба рухы алдындағы парызымыз ғана емес, түркі руханияты мен ілім-білімінің сабақтастығын әлемге паш етумен, ғылым дамуындағы оның орнын айшықтап, идеяларын қазіргі заман тұрғысынан таразылаумен тығыз байланысты.

Әл-Фарабидің мол мұрасын зерттеу біздің елімізде 1970 жылдардан бастау алды. Отандық фарабитану саласы құрылып, бұл бағыт оның шығармаларын жүйелі түрде зерттеуді өз нысанына айналдыра алды.

Бастапқыда А. Машанов, А. Қасымжанов, М. Бурабаев, А. Көбесов, т.б. ғалымдар зерделеген ғылыми ізденістер қазіргі таңда әл-Фараби мұраларын зерттейтін арнайы орталыққа айналып отыр.

Қара шаңырағымыздың атауы атақты ғалым есімімен аталғандықтан, әл-Фараби мұраларын терең зерттеп, тарихи сананы жаңғыртудың университет үшін маңызы зор. Ойшыл мұрасын саралауға байланысты қолға алынған игілікті шаралардың бірі – «Фараби оқуларын» өткізу. Онда әмбебап-энциклопедист ойшылдың көп салалы ғылыми туындаларын терең зерделеп, қайта жаңғыртып, келер ұрпаққа паш ету мақсат етілген.

Бүгінгі таңда университетімізде жанадан бой көтерген іргелі ғылыми кітапханаға да Әл-Фараби есімі берілген. Екі миллионнан астам кітап қоры мен 20 000-нан астам оқырманы бар кітапхана өз ресурстарын электрондық желіге көшіріп, XXI ғасырдың ғылыми-танымдық сұраныстарына жауап беретін мекемеге айналып отыр.

Осы кітапхана ғимаратында 1993 жылы 1 қаңтарда республикалық Әл-Фараби ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығы ашылды. Орталықтың негізгі қызметі – әл-Фараби және басқа

да көрнекті қазақ ғалымдары мен ойшылдарының еңбектерін жан-жақты зерттеу және ол шығармаларды оқу үрдісі мен ғылыми зерттеулерде кеңінен қолдану мақсатында жұмыстар жүргізу болып табылады. Ол бүгінгі таңда философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының оқытушы-профессорлары қызметінің нәтижесінде қанат жаюда.

Әл-Фараби мұрасын университетіміздің барша студенттеріне насихаттау үшін философия кафедрасы «Әл-Фараби мұрасы және қазіргі заман» атты арнайы курсты жүйелі түрде жүргізуде. Бұл курста тарих қойнауынан сыр шертетін бабамыздың өмірі мен шығармашылығы, еңбектерінің мазмұны, ғылымға қосқан жаңалықтары бүгінгі заманның көкейкесті мәселелерімен байланыстырыла оқытылады.

Сондай-ақ ойшылдың мұраларын жаңғырту, оны ұрпақтарымыздың бойына сіңіру идеяларын зерделеу мақсатында 1992 жылы философия және саясаттану факультеті философия кафедрасы жанынан «Кіші Фараби академиясы» құрылған болатын. Бұл академия бір қырынан ғылыми-зерттеулермен айналысса, екінші жағынан студенттердің Фараби туралы идеяларын насихаттап, үлгі-өнегелік бағыт берумен де шұғылданады. Студенттер өзін-өзі басқаратын бұл академияда ой еркіндігі негізге алынып, олардың танымдық-шығармашылығының жетілуіне игі жағдайлар жасалған. Сонымен қатар университетте жүзеге асып жатқан «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобалары аясында өтетін тәрбиелік іс-шаралар барысында бабамыздың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында», «Логикалық трактаттары», «Философиялық трактаттары» және т.б. туындыларына толыққанды талдаулар жасалып, жастарға әлемдік деңгейдегі данышпанның мұралары кеңінен насихатталуда.

Л.Ә. АСҚАР,

философия кафедрасының ұстазы



2012 жылы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының басамасымен қолға алынған әрбір «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасы қазіргі уақытта өз жемісін беруде. Тізімде қазақтың 60 классикалық шығармасы және әлем мойындаған авторлардың 40 еңбегі іріктеліп берілген. Айта кетсек, «Абай жолы», «Қан мен тер», «Аз и Я», «Соғыс пен бейбітшілік», «Робинзон Крузо», т.б. шығармалар осы тізімнің құрамында бар.

Әрбір адам оқуы тиіс 100 КІТАП

Жобаны жүзеге асыру мақсатында университетте көптеген шаралар өтуде. Биыл «Қазақ университеті» баспасынан К.Т. Туенбаеваның редакциялығымен «Менің шығармадан алған әсерім» және «Қызықты үзінділер» атты 2 кітап жарық көрді.

«Менің шығармадан алған әсерім» кітабы негізінен пікірлер жинағы болып табылады, яғни студенттер оқыған шығармадан алған әсерін эссе түрінде жазған. Бұл кітапта халықаралық қатынастар факультетінің студенті Бағдат Лесбаеваның «Қызыл Жебе» шығармасына жазған пікірі де бар екендігін атап өткіміз келеді. Ал «Қызықты үзінділер» кітабына студент оқыған шығарманың ішінен жүректі тербейтін ең тамаша, ең қызықты үзіндісі енеді. Сондай-ақ жобаны қолдау мақсатында әртүрлі ашық сабақтар мен концерттік бағдарламалар тұрақты түрде барлық факультеттерде өткізіліп келеді.

Айта кетерлігі, осындай жобалар шет мемлекеттерде де іске асырылуда. Көршілес Ресейде В.В. Путиннің бастамасымен 2012 жылы «Оқушыларға арналған 100 кітап» жобасы бастау алды. Сонымен қатар алдыңғы ғасырдың 20-жылдары американдық университеттерде батыстың мәдениетін зерттеу мақсатында құрылған кітаптар тізімі жарияланды. Әрбір өзін-өзі құрметтейтін студент осы кітаптарды оқып шығуы міндет. Демек, жобаның әлем бойынша кең таралғанын байқауымызға болады.

Сайып келгенде, жастар болашақтың үміт артып үкілеген жас ұрпағы ретінде осы жобаның жүзеге асуына өз үлесін қоса алады, сол арқылы рухани байлықты да игереді, нәтижесінде елімізде саналы қалыптасқан, кәсіби жетілген, ішкі мәдениеті жоғары азаматтардың саны артады. «Жақсылық көрсен, өзіннен» демекші, игі істің басынан табылғанға не жетсін!

Жұлдыз ҮМБЕТБАЕВА,
халықаралық қатынастар
факультетінің оқытушысы;
Женіс ҚУАНДЫҚ,
халықаралық қатынастар
факультетінің 1-курс студенті

ҒАЛЫМ ӨМІРІНІҢ

Беймәлім тұстары жөнінде



Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың өмірі мен ғылыми жолы, шығармашылығы жөнінде ғылыми әдебиеттер мен мерзімді басылымдарда көп айтылды десек артық айтқандық емес. Болашақта да көзі тірі замандастары мен өзін көрген ізбасарлары, соңынан ерген әріптестері мен шәкірттері Манаш Қабашұлының жеке қасиеттері, адамгершілігі мен ғылыми шығармашылығы туралы, ұстанымдары мен көзқарастары жайлы әлі талай естеліктер жазары сөзсіз. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей, уақыт өткен сайын оның тұлғалық болмысы асқақтай түсуде. Біз де бұл естелігімізде академик өмірінің кейбір тұстарынан сыр шертуді жөн көрдік.

Тұлғаны қаншама танып-білдік десек те, оның өмір жолындағы ұсақ болып көрінген жайттарға онша назар аудармай жатамыз. Кейде сондай сәттер тұлғаның адами қасиеттерін, болмысын, не болмаса көзқарастары мен ұстанымдарын анықтай түсуге көмектесіп жатады. Біз осы естелігімізде академик М.Қ.Қозыбаев өмірінің көпшілікке мәлім емес кейбір тұстарына тоқталып өтсек дейміз.

Солардың бірі – болашақ академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Қозыбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұрынғы С.М. Киров атындағы ҚазМУ) тарих факультетінің студенті атануы жөнінде болмақ. Бұл туралы академиктің курстас-досы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбу Сақтағанұлы Тәкеновтің жұбайы Сара апай 1998 жылы айтып берген еді. «...Әбекең (Әбу Сақтағанұлы Тәкенов) пен Мәкең (Манаш Қабашұлы Қозыбаев) университетке орта мектепті бітіре сала келді. Олардың тобында соғысқа барып келген, тылда еңбек жасаған ересек жігіттер болған екен. Екеуінің білімі тәуір болса да жастығына қарап, оларды бірден студенттер қатарына қабылдамайды. «Студенттікке үміткерлер» деген санатпен топқа қабылдайды. Шамасы, университет басшылығы оқи алмаса, өздері де шығып кетер деп ойласа керек. Бірақ, бірінші курстың қорытындысы бойынша, екі бозбала үлгерім жағынан топтың алдына

шығады. Сөйтіп екеуі де толыққанды студенттер қатарына қабылданады. Сол бірінші курстан естелік ретінде сурет қалды», –деп, Сара апай әбден ескіріп, сарғайған суретті көрсетті. Мен суреттегі бір топ ересек студенттер арасынан екі жас студент – М.Қ. Қозыбаев пен Ә.С. Тәкеновті бірден таныдым.

Бұл жайтты Манаш Қабашұлының өзі де растап берген еді. Мәкеңнің курстас досы, профессор Ә.С.Тәкенов 1997 жылы мезгілсіз қайтыс болып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысының тарих сериясы 1998 жылғы бір номерін Әбекене арнады. Сол тұста хабаршының жауапты хатшысы ретінде журналдың барлық материалдарын жинауға тура келді. Манаш Қабашұлы Әбекен туралы естелік жазып беруге келісті. «Арың таза еді, Әбу!» деген Мәкең естелігі хабаршыда жарық көрді. Онда ол былай дейді: «Әбу Қазақ университетіне оқуға 1948 жылы шілде айында келді. Менде сол тарих факультетіне оқуға түсу үшін келіп, емтихан тапсырып жүрген кезімде онымен таныстым. Біз екеуіміз де тарих факультетіне студент бола алмай, кандидат деген желеумен оқуға кірдік. Қазақ айтады ғой, «әйел-мұңдас» деп, кандидат болып оқуға түсе алмаған топ, оқшау жүретінбіз, мұңдасатынбыз, жағдайымызды бір-бірімізге айтатынбыз. Тарих факультетінің бірінші курсына латын тілінен Якушев деген ақсақал берді. Ұстазымыз патша заманында университет

бітірген, өте зиялы адам болатын. Біз Әбу екеуіміз алдыңғы қатарда отырып, кейде балалық жасап, өзара сөйлесіп кетсек, ол кісі бізге «пузионистер» тыныш отырыңдар! – дейтін. Ол латынша «Еркебай» дейтін сөз болуы керек. Біз кейде бір-бірімізге сол атакты танып, «әй, Еркебай» деп те айтатынбыз...». (ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы, №8. 6 б. – Алматы: Қазақ университеті, 1998, – 85 бет). Сол студент бола алмай қалған екі «кандидат» сабақтарын өте жақсы оқып, университетті үздік бітіріп шығады. Шамасы, екі жас жігіт өздерінің намыстарына қамшы салған болулары керек, тарих ғылымына қадам басып, оның шыңына дейін көтеріледі. Кейін бірі – академик, екіншісі – профессор атанады. Бұл академик М.Қ. Қозыбаев өмірінің көпшілік біле бермейтін бір тұсы.

Академик өмірінің тағы бір беймәлім тұсына оның соңғы курста оқып жүріп, алғашқы қоғамдық-саяси іс-шараларға баруы жатады. Дәл қазір бұл әңгімені кім айтқанын нақты айту мүмкін емес. Шамасы, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында университеттегі бір жиында бірге оқыған курстастарының бірі айтқан болуы керек. Әңгіме «Бекмаханов ісіне» қатысты.

Көпшілікке мәлім, профессор Е. Бекмаханов 1947 жылдан бастап қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде жұмыс істейді. 1951 жылы университеттен қуылады. 1952 жылы 5 қыркүйекте тұтқындалып, сол жылдың 3 қарашасында айыптау қорытындысы шығады. Ал 1952 жылдың 2 желтоқсанында 25 жылға сотталады. Бұл – Манаш Қабашұлының 5 курста оқып жүрген кезі. Ғылыми көзқарасы үшін ұстаздарының жазықсыз айыпталып жатқанынан хабардар тарих факультетінің бір топ жоғары курс студенттері қол жиып, жоғары жаққа хат жазады. Бұл жайт арнаулы ұйым қызметкерлеріне мәлім болады да, студенттерді қыспаққа ала бастайды. Кейбір студенттердің көрсетуінше, бастамашыл топты басқарып, хат жазып, қол жинағандардың ішінде студент Қозыбаевтың аты-жөні де айтылады. Содан кейін студент М. Қозыбаевтың да басына қара бұлт төне бастайды. Соның салдары болуы керек, 1953 жылы университеттің тарих факультетін үздік бітіргеніне қарамастан, оны Алматыда қалдырмай, Қостанайға жібереді.

Бұл оқиға болашақ академиктің тұлғалық болмысына қатты әсер етсе керек, ол кенестік заманның іргесі сөгілер тұста тарихымыздағы айтылмаған ақиқаттарды шынайы түрде айтуға бар күшін салады. Зиялы қауым академиктің 1990 жылдарға дейінгі жарияланған еңбектерінен гөрі, одан кейінгі жылдары жазылған еңбектерін жақсы біледі. Өйткені оларда тарихи сана, тарихи көзқарас, ұлттық тарих мәселелері жөніндегі жана ұстанымдар, ойлар мен тұжырымдар теренінен қарастырылған.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың көпшілік аңғара бермейтін бір қырына шешендігі мен шебер көсемсөздігі жатса керек. Ол баяндамаларын өзі жазып, майын тамызса оқитын. Сондай баяндамаларының бірі – 2001 жылы жазылған, әріптесі, тарих

факультеті ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Дина Исабайқызы Дулатованың 70 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасы. Екі әріптес те бір жылғылар еді. Дина Исабайқызы 1931 жылдың қаңтарында туылса, Манаш Қабашұлы 1931 жылдың 16 қарашасында дүниеге келді. Сондықтан болуы керек, араларында өте жарасымды әзіл жүретін.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың салтанатты жиында Д.И. Дулатова туралы жасаған баяндамасы өте әсерлі болды. Мерейтой иесінің кейбір мінездерін шынайы түрде бүкпесіз, тура айтқандықтан залда отырғандар баяндамашының әрбір ойы мен сөзіне қол соғып отырды. Ол бейнетаспаға түсірілген еді. «Өнегелі өмір» сериясымен университетіміз Д.И. Дулатова туралы кітап шығарғанда, академиктің баяндамасы оған енгізілді. Сол баяндамадан бір-екі жол үзінділер келтіре кетсек.

«Қазақ – қызық халық. Өмірінің қызығынан көрген шыжығы көп. Сол шыжық соңына еріп, өзінің быжық болып кеткенін де байқамай қалатын кездері бар.

...Дина ханым – намысын талмай қайрап, намысқа арын жалғап ту еткен жан. Ол ешкімге шіреймейді, бармын деп аспайды да таспайды, үрейленіп саспайды, әділеттен қашпайды, дос сырын шашпайды, арсыздардан аттайды да, тура жолымен жүре береді.

...Бүгінгі юбиляр Дина ханым – айбынды да айтымды азамат. Ермен тең нардың жүгін көтеретін жан, екі айтпайды, айтқанынан қайтпайды, өтірік дегенді білмейді, өсек жолмен жүрмейді, жалпылдап мырқынбайлармен күлмейді, анау-мынау жандарды көзіне де ілмейді, уәде берсе тұрады, алысса жығады, күрессе үйіріп-үйіріп тобықтан ұрады, қасқайып қас батырдай мен мұңдалап тұрады. Айбынды азамат әйел затынан екеу болса, бірі Дина ханым, бір адам болса, ол – Дина ханым. Оның табиғи болмысы осылай жаралған.

...Дина ханым – ғалым тарихнамашы. Жазылған еңбектерді саралап, бар дүниелерді аралап, әділдікпен бағалап, керек проблемаларды жобалап, тарихтың бәрін құнттап, мұнын мұндап, жоғын жоқтап жүрген тарихнамашылардың көшбасында келе жатқан Дина ханым – қайраткер жан».

Бір ғана баяндамадағы сөздер мен ойлардан қазақ тілінің қандай дәрежеде бай екенін байқасақ, сол тілде сөйлеген академик ағамыз бай тілді одан сайын мың құбылтты, сәні мен салтанатын келтіріп асқактатып жіберді. Шешендік өнер деген осы шығар деп ойлап қаласың. Көпшілік алдында, ғылыми ортада еркін көсіліп, ойлы сөйлеудің хас шебері болған академик ағамыз ол қасиетін осы салтанатты жиында тағы бір дәлелдеп көрсетті.

Өнегелі өмір иесі, академик М.Қ.Қозыбаев өмірінің көпшілік жұрт біле бермейтін осындай тұстары баршылық. Ғалымның тұлғалық болмысын танып-білуде мұндай естеліктердің маңызы зор деген сенімдемін.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
профессор, т.ғ.д.

ҚазҰУ әскери кафедрасында студент-түлектерге арналған үгіт-насихат жұмыстарының аптасы өтті

Продолжение. Начало на 1 стр.

ТЕНГЕ – СИМВОЛ НЕЗАВИСИМОСТИ и устойчивого развития страны



«Кризис советской плановой экономики, начавшийся ещё в 70-80-е годы, обрел характер агонии после развала союзного государства. Было совершенно очевидно, что минимизировать разрушения, обретающие гипертрофированный характер, можно только поддерживая имевшиеся хозяйственные связи, сохраняя единую рублёвую зону и ведя одновременно планомерную и согласованную работу по созданию в новых независимых государствах собственных экономик. Но даже более чем два года назад созданное Содружество Независимых Государств не сумело тогда преодолеть центробежных тенденций, создать действительно союз или, как тогда говорили, хотя бы обеспечить «цивилизованный развод». Многие из новых стран вели какие-то свои закулисные игры, явно переоценивая свои экономические и политические возможности. Некоторые надеялись на помощь Запада и чуть ли не ежемесячно меняли ориентацию, совершая сложные пируэты, то поддерживая Содружество, то отрекаясь от него, то выступая союзниками России, то её же обвиняя во всех смертных грехах.

Правительство России само в то время не имело чётко выраженной позиции и также лавировало, зачастую в ущерб себе же и своим соседям. Так, в начале января 1992 года, несмотря на предварительные договорённости, без каких-либо консультаций с соседями, или хотя бы элементарного их оповещения, российское правительство отпустило цены.

Вы, наверное, помните, как резко взлетели цены, пошла вверх инфляция, из-за падения рубля начали гореть сбережения людей, пошло обнищание населения на территории всего Содружества. Никакого сомнения ни у меня, ни у кого другого не вызывало то, что контроль за ценами рано или поздно нужно будет снимать, так же как и то, что Россия неизбежно пойдёт на реформу рубля. Это диктовалось самой логикой построения рыночного хозяйства. Мы, естественно, также должны были готовиться к введению своих валют, и мы готовились. И в начале 1992 года я издал секретный указ о подготовке нашей собственной национальной валюты. Была создана специальная группа, состоящая из представителей Администрации, Правительства, экспертов Министерства финансов и Центрального банка. Мы регулярно встречались за закрытыми дверями – разрабатывали методики и механизмы введения национальной валюты, решали организационно-технические задачи, обсуждали дизайн монет и купюр.

О своем намерении ввести тенге я накануне конфиденциально предупредил руководителей соседних государств – Ислама Каримова, Аскара

Акаева и Сапармурада Ниязова. А 10 ноября мы с Президентом Узбекистана провели пресс-конференцию, на которой объявили, что отказываемся от рубля и будем вводить собственные валюты. На следующий день я обратился по телевидению и радио к народу Казахстана и назвал дату введения тенге – понедельник, 12 ноября. По взаимной договоренности в этот же день и час о вводе новой валюты в Узбекистане объявил и Ислам Каримов. Новая валюта была запущена.

15 ноября 1993 года считается днем национальной валюты Казахстана. Указом Президента РК № 164 от 20 октября 2011 года 15 ноября в стране утвержден профессиональным праздником работников финансовой системы Республики Казахстан.

«Тенге» произошло от тюркского название денег с вариантами «таньга», «донга», «теньга». Во время разработки проекта национальной валюты Казахстана предлагались «сом», «акша», «алтын», однако выбор был остановлен на «тенге».

В разработке дизайна первых купюр независимого Казахстана принимали участие художники М.Алин, Т.Сулейменов, А. Дузельханов, Х. Габжалилов. На первых банкнотах Казахстана, выпущенных в 1993 году, были изображены выдающиеся исторические личности, такие как Аль-Фараби, Абай, Абулхайыр хан, Абылай хан, Курмангазы, Ч. Валиханов и др.

За прошедшие годы дизайн тенге неоднократно менялся. Сегодня наша национальная валюта имеет 18 степеней защиты, признана красивой и защищенной национальной валютой мира.

В 1994 году тенге награждена золотой медалью Королевы Великобритании.

Важность исторического момента введения национальной валюты Государства трудно переоценить. По

этому поводу в своем интервью газете «Экспересс-К» 7.11.2003 г. Первый председатель Национального Банка РК Г. Байназаров говорил: «Конечно, сам по себе печатный станок – чисто механический инструмент.

Но валюта – это рычаг управления экономикой, инструмент независимости.

Так, что подлинный инструмент мы получили не в момент образования Республики Казахстан, а спустя два года, после ввода тенге. И как финансист, я веду свой отчет годам подлинного суверенитета страны с 15 ноября 1993 года».

С таким выводом, на наш взгляд, нельзя не согласиться. Успех Казахстана за прошедшие годы в экономике, политике, международном сообществе доказал, что введение тенге явилось основой обеспечения суверенитета страны.

Казахстан смог создать и проводить стабильную и независимую финансово-экономическую политику, проводить кардинальные экономические и социальные реформы.

На сегодня уже в мире никто не сомневается – национальная валюта Казахстана состоялась и заняла достойную нишу, соответствующую нынешнему экономическому состоянию государства, в ряду мировых валют.

В настоящее время тенге печатается в монетном дворе, открытом в 1998 году в Усть-Каменогорске. В постсоветском пространстве функционируют всего четыре банкнотных фабрик: в Казахстане, России, Украине и Узбекистане.

Введение национальной валюты привело к созданию самостоятельной финансовой, банковской, бюджетной системы и сильной устойчиво развивающейся экономики Казахстана. Сегодня финансово-банковская система нашей страны является самой

динамично развивающейся в СНГ и соответствует международным стандартам.

Сейчас в Казахстане функционируют 35 банков второго уровня. Совокупный расчетный собственный капитал банковского сектора на 1 июля 2016 года составил 3,106 трлн.тг. Общая сумма депозитов юридического и физического лица по состоянию на 1 июля 2016 г. составила 16 трлн. 355,8 млрд.тг, увеличившись с начала года на 4,8%. (NB.19.08.16). Тенге обладает солидным запасом прочности.

Председатель Национального банка РК Д. Акишев в интервью Bloomberg 8.07.2016г. отметил, что золотовалютные резервы Казахстана выросли до 30,5 млрд. долларов США на конец июня 2016 года, продемонстрировав максимальное значение с июля 2012 г. Активы Нацфонда достигли 65,7 млрд. долларов США.

Успехи, достигнутые за 23 года в экономическом и социальном развитии страны, позволяют сделать вывод, что тенге состоялся как национальная валюта, является символом стабильности и независимости Казахстана.

Введение тенге - это одна из самых ярких страниц в истории развития Казахстана.

Поздравляю всех соотечественников с днем рождения национальной валюты.

Своих коллег-финансистов, всех наших выпускников специальности Финансы, работников финансовой системы Казахстана поздравляю с профессиональным праздником с Днем финансиста.

Б.Ж. ЕРМЕКБАЕВА,
декан Высшей школы
экономики и бизнеса



ЖҰМАТАЙ АРАЙ БЕКБОЛАТҚЫЗЫ

1998 жылы 20 қазан күні Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Құлан ауылында дүниеге келген.

Іле аудандық ақындар бәйгесінің, «Жарқын болашақ» V аудандық «KATEV» қазақ тілі олимпиадасының екі мәрте жеңімпазы. Республикалық «Бала Би» балалар журналының ұйымдастыруымен өткен «Жас қалам» байқауының 2-орын иегері.

VI республикалық «Ғұмырдария», «Асыл мұра» дәстүрлі өн байқауының I дәрежелі диплом иегері.

Бүгінгі таңда өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 1-курс студенті.

АБАЙҒА АРНАУ

Абай ата әрі дана, әрі дара,
Ақындардың ақыны, ірі тұлға.
Еліміздің мәңгілік мақтанышы
Көк тіреген шыңымдай биік тұлға.

Қазағымды бар әлемге танытқан,
Қара сөзбен ақыл, сезім дарытқан.
Жырлаймын мен, жырлай берем Абайды
Сыйласамын, сырласамын алыстан.

Күннен алам жылуды, Айдан алам,
Жек көремін жандарды майдалаған.
Жүректерге сән-салтанат сыйлайтын,
Абайдай ақын болу қайда маған?!

АҚЫНҒА АРНАУ

(ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВКЕ)

Жүректерге жеткізіп, санаға терең бойлатқан,
Ұрпағына бүгінгі шабыт беріп ойлантқан.

Сүйген еді даланың айдын-көлін, бақтарын,
Жырлары оның – ақ жауын, жырлары оның –
ақ жалын.

Есімі өлмес ұлы ақын, сөзі кесек кеменгер,
Миллион жылдан кейін де оқылады өлеңдер.
Тұңғыықтан толғайтын, тағылым толы сөздері,
Ұрпағы барда жыры бар, Төлеген өлді демендер!

АСТАНА

Елмен бірге лүпілдейтін жүрегі,
Елордамыз – еліміздің тірегі.
Гүлдене бер, гүлдене бер, астанам,
Бір өзінсің алты алаштың тілегі.

Астананың айдарындай Бәйтерек,
Бәйтеректей жырлар керек, ән керек.
Біздер болсақ, солқылдаған шыбықпыз
Болашақта атанамыз тал-терек.

Көгімнен тек көгілдір нұр себелеп,
Еңбегінді жүрсе жақсы, ел елеп.
Бәйтеректің қараймын да басына
Шабытты әсем күйде болам керемет.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ

Орындалды елімнің басты арманы,
Тәуелсіздік тарихы бастау алды.
Көгімде Ту желбіреп, Әнұраным,
Кең даламда жаңғыртып шырқалады.

Бейбіт өмір, ашық аспан аңсаған,
Ата-баба ұраны еді о бастан.
Әділетті, асыл болу қанымда,
Тәуелсіздік – тұғырым, мәңгі болсын ел аман!

Қуаныштан діріл қағып, лүпілдейді жүрегім,
Құтты болсын 25 жыл Тәуелсіздік-тірегім.
Достығымыз жарасқан алыс-жақын елдермен,
Ғұмыры ұзақ мәңгі болсын, мәңгі болсын тілегім!

ҚазҰУ-да студенттер үшін ұсынылатын қызметтердің көптеген қолжетімді түрлері баршылық. Университетімізде бірегей Студенттерге қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Кампус аумағындағы студенттер контингентін сапалы да жылдам қызметтер кешенімен қамтамасыз ету мақсатында ашылған «Кереметте» барлығы бар. Десек те, «Кереметте» керемет ателье жұмыс істейтінін бірі білсе, бірі біле бермейді.



«Керемет» ашылғаннан бастап өз жұмысын бастаған ателье қазіргі таңда өз тұтынушыларын сапалы және қолжетімді бағадағы қызмет көрсетуімен қуанып келеді. Ателье тігіншісі Әлия Құлжабаева: – «Басқа ательелермен салыстырғанда, мұнда қызмет көрсету бағасы әлдеқайда төмен. Өйткені, студенттерге арналғандықтан, олар үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, басқа қалалық ательелерде 1000 теңге болатын жұмыс «Кереметте» 600 теңгені құрайды. Бұл студенттер үшін қолжетімді баға. Былтырғы жылмен салыстырғанда биыл ательенің қызметі жанданып, өркендеуде. Оған себеп, тек студенттер тарапынан ғана емес, қала тұрғындары, университет қызметкерлері

мен шағын кәсіпорындар тарапынан түсіп жатқан тапсырыстар. Атап айтар болсам, қазір арнайы тапсырыс бойынша спорттық киімдерді дайындаудамыз. Сапасы өте жақсы. Барлық киімдерде сапалы маталарды қолданамыз», – дейді.

Ателье қызметкерлерінің болашақта көптеген жоспарлары бар. Ательенің жұмысымен таныса отырып, «Кереметтегі» ателье ҚазҰУ жастарының заманауи үлгідегі жаңа имиджін қалыптастыруға өз үлесін қосады деген сеніммен қарадық. Ателье жұмысына шығармашылық табыс тілейміз!

Сымбат АЙДАРХАН,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

ГИДРОЛОГИЯ ТЕҢІЗІНДЕГІ ЖАҢА ТОЛҚЫН

«Айналады нұрландыр» – қараңғы жерден жарық тауып, жарқын өмірге жол бастау деген сөз. Әр адам жеке тұлға болып қалыптасуы үшін, өзінің өмірінде жүктелген міндеттерін сауатты әрі тиянақты атқаруы керек. Ол үшін асып бара жатқан жауапкершілік пен үлкен бастамалар қажет емес. Кез келген ұлы жол алғашқы қадамнан басталады демекші, жүрген жеріңді, ортаңды, өзің өмір сүретін қоғамды жамандықтан тазартып, айналады нұрға бөлеп, адамдармен этикалық-эстетикалық тұрғыда қарым-қатынас орнатып, олардың да осы бағытта жүруіне үгіт жасау айналады нұрландыруға саяды. Міне, осы мақсаттарды негізге ала отырып, география және табиғатты пайдалану факультеті метеорология және гидрология кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен жуырда «Жаңа толқын» атты мерекелік кеш өтті.



Мерекелік кеш барысында «Гидрология» мамандығының 1-курс студенттері сахна төрінде үлгілі студент және тәрбиелі шәкірт болуға шақыратын «Гидрологтар антын» қабылдады. Кеште студенттік өмір жайлы қызықты көріністер, патриоттық рухтағы әндер мен билер орындалды. Кештің қонақтары ретінде факультеттің КВН құрама командасы өнер көрсетті. 2-курс студенттерінің флешмоб биі және монолог ретінде орындалған

"Ана" көрінісі кештің жарқын сәті болды. 1-курс студенттері де қарап қалмай, өз өнерлерін көрсетті.

Сондай-ақ 2-курс студенттері 1-курс студенттеріне ғаламтордағы Instagram әлеуметтік желісіндегі HYDROLOGY KAZNU парақшасының логині мен кілт сөзін табыстады. Өз кезегінде парақша осыдан бір жыл бұрын студенттер бастамасымен ашылып, жыл бойы кафедра студенттерінің жаңалықтары

мен жалпы өмірі жайлы жарияланымдар беріліп тұрған болатын. 1-курс студенттері парақшаны қабылдай отырып, осы дәстүрді ары қарай жалғастырып, келешек студенттерге аманат ретінде табыстауға уәде берді.

Сонымен қатар кафедрамыз 1-курс студенттерінің рухани және қоғамдық санасын ояту мақсатында Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрына «Қара шекпен» атты қойылымды тамашалауға мүмкіндік жасады. Қойылым бізді жан-жағымыздағы адамдарға деген жылы ілтипатымыздың жоқ екенін көрсету арқылы өмір шындығын меңзеп, жақсылыққа жол бастауды көздеген. Оны тамашалау барысында студенттер өнер бұлағынан сусындағандай болып, қанжығаларын тамаша бір туындымен толықтырды. Тамаша сомдалған рөлдер мен актерлердің бейнелері, жалпы театрдың атмосферасы студенттердің бойында ерекше әсер қалдырды деп ойлаймыз. Жарқын болашақ жаңа толқын еншісінде.

А.К.МУСИНА,
Т.М. ҚАЗАҚБАЕВА,
метеорология және гидрология
кафедрасының оқытушылары

Университеттің спорт кешенінде 1-курс студенттері арасында «Ректор кубогына» арналған жарыстар өтуде

Титулованная спортсменка КазНУ

Студентка 3 курса Высшей школы общественного здравоохранения -медицинского факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби Умида Сыздыкова стала чемпионкой на международном турнире по боксу среди женщин, посвященным памяти героям Второй мировой войны - Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой и Хиуазы Доспановой.



брата и отца. Первое свое золото спортсменка завоевала в 2013 году, став чемпионкой Казахстана среди юношей (Тараз). Как сказал заслуженный тренер Казахстана по мужскому и женскому боксу, доцент кафедры физического воспитания и спорта КазНУ Бахыт Байкулбаев, Умида Сыздыкова очень дисциплинированная

и трудолюбивая. Эти качества помогают ей достигать свои цели и вырабатывать индивидуальную тактику боя. «Например, на турнире в Атырау, в первом бою против Кызылординской спортсменки Умида не спешила, выступала умеренно и уверенно вела бой все 4 раунда. Каждый раунд в женском боксе длится по 2 минуты.

Это тоже была одна из ее тактик для достижения результата», - отметил тренер.

«Когда я вышла на ринг против мастера спорта с Таджикистана в весовой категории свыше 81 кг, я выбрала тактику атаки и одолела ее в первом раунде», - поделилась своими впечатлениями Умида. Молодая спортсменка ежегодно принимает участие в международных соревнованиях. Очередной ближайший турнир ожидается в январе 2017 года в Сербии.

Мастер спорта, четырехкратная чемпионка Казахстана Умида Сыздыкова является членом сборной Казахстана по женскому боксу и доминантной спортсменкой в весовой категории свыше 81 кг.

Коллектив КазНУ им. аль-Фараби поздравляет Умиду Сыздыкову и заслуженного тренера Казахстана по мужскому и женскому боксу Бахыта Байкулбаева с очередной победой и желает крепкого здоровья, выносливости и большого упорства.

Г. БАЯДИНА

Танымал археолог, ғалым, профессор, тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуов тарих, археология және этнология факультеті археология, этнология және мұражайтану кафедрасының 1-курс студенттерімен кездесті.

Ұстазыммен мақтанам!



Көпті көрген тәжірибелі археолог қыр-сыры, қызығы мен шыжығы қатар жүретін жауапты әрі болаттай төзімділікті талап ететін мамандық жайлы түсіндіріп, далалық даналардың сара жолын салып берді. Болашақ археологтар, этнологтар және мұражайтанушылар дара ұстаз, ғалым әңгімесінен мол тағылым алды.

Ол студент кезінен археологиялық экспедициялардан қалмай, әр ісін ерекше ыждаһатпен атқарғанын, соның арқасында өміріндегі ең үлкен жетістігі – төртінші курста оқып жүргенде Түркістандағы Есім ханның кесенесін ашқанын айтып берді. Ғалым студент жастарға «оқыңыздар, білімге құштар болыңыздар, өз мамандықтарыңызды сүйініздер» деп, үлкен сенім білдірді.

Кездесу соңында қатысушы студенттердің көздерінен ерекше от, бойларынан лаулаған жалынды байқадық. Олардан бір ғажайып мақтанш сезімінің лебі байқалды.

Нұрдаулет БЕЙСЕНҒАЗИЕВ,

«археология және этнология» мамандығының 1-курс студенті, «Этнолог» клубының мүшесі

Тауда өткен ТӘРБИЕ САҒАТЫ



ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 2-курс магистранты Досжан Балабекұлы тәрбие сағаты аясында 1-курс студенттерін Іле Алатауының көрікті жерлеріне саяхатқа шығарып қайтты.

Алатаудың көрікті жерлері көп. Алматыдан бірнеше шақырым шықсаңыз болғаны, табиғат сұлулығына кенелесіз. Тәрбие сағаты барысында магистрант студенттерді Көкжайлау шатқалына апарып, көрікті аймақты таныстырып шықты.

Қарашаның ауа-райында сенім жоқ, мың құбылады. Қазақбай шатқалынан жоғары көтерілгенде Құмбел шыңы мен Үш ағайындының құлама құздары жарқырап көрінгені сол еді, қара тұманның құшағы еріксіз баурап алды. Ал бұл сапардың межесі сол шындардың табаны тиіп тұрған Көкжайлаудың әсем баурайы еді.

Көкжайлау – теңіз деңгейінен 2251 метр биіктікте орналасқан қолайлы үстірт. Бұл үстірт Кіші Алматы мен Үлкен Алматы шатқалдарының арасындағы өзіндік асу іспетті. Көкжайлаудан қала тұрғындары

мен қонақтарын сенбі-жексенбі күндері жиі кездестіруге болады және бір үзілмейді.

Саяхатта болған журналистика мамандығының 1-курс студенті Диана Кенес: «Тауға шығу онай болған жоқ. Бірақ бізге бірінен-бірі өтетін тау кескіні, терің шатқалдар мен тау ормандары, жазық беткейлер, мұз қатқан сарқырамалар ерекше әсер қалдырып, жол-жөнекей межелеген жерге сәтті жетуімізге септігін тигізді. Көкжайлау – керемет жер екен. Таудың саф ауасы өкпенді оттегімен кеңінен байытқандай. Ал самал жел сарайынды ашады. Талбесік табиғат аясында болған сәт біздер үшін нағыз салауатты өмір салтына бағытталған бірегей күн болды», – дейді.

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,

журналистика факультетінің доценті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар УШУРОВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №721

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.